**Ақтөбе облысында мал шаруашылығын дамытудың кейбір мәселелері туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 83 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 сәуірде № 3835 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 55 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 19.02.2015 № 55 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 қаулысымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларының 4, 5-тармақтарына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері;

2) жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер жеткізушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптары;

3) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемдері;

4) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М.Тағымовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

| | |
|---|---|
| *Облыс әкімі* | *А.Мұхамбетов* |
| | |

| | |
|---|---|
| *Келісілді:*<br>*Қазақстан Республикасы*<br>*Ауыл шаруашылығы министрі* | *А.Мамытбеков* |

| | |
|---|---|
| | Облыс әкімдігінің<br>2014 жылғы 26 наурыздағы<br>№ 83 қаулысымен бекітілді |

## Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері

| Субсидиялау бағытының атауы | Өлшем бірлігі | 1 басқа субсидия нормативі, теңге |
|---|---|---|
| Қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру | бас | 5 000 |

| | |
|---|---|
| | Облыс әкімдігінің<br>2014 жылғы 26 наурыздағы<br>№ 83 қаулысымен бекітілді |

## Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер жеткізушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар

1) Зоотехникалық және ветеринарлық-санитарлық талаптарға сәйкес келетін және жарақталған қолдан ұрықтандыру пунктерінің болуы;

2) Қолдан ұрықтандыру бойынша арнайы дайындық курста өткен және тиісті құжаттары бар, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің реестрінде тіркелген техник-ұрықтандырушы маман-кадрлармен қамтамасыз етілуі;

3) Дистрибьютерлік орталықтармен аталық бұқалардың ұрықтарын сату-сатып алу жөніндегі келісім-шартының болуы;

4) 400 бастан кем емес аналық мал басын қолдан ұрықтандыру бойынша жұмысты сапалы өткізуді қамтамасыз ету;

5) Аналық мал басын, жақсартатын тұқымдардың аталық бұқаларының ұрығымен қолдан ұрықтандыруды жүргізу.

| | |
|---|---|
| | Облыс әкімдігінің<br>2014 жылғы 26 наурыздағы<br>№ 83 қаулысымен бекітілген |

# Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялар көлемдері

Ескерту. Субсидиялар көлемдері жаңа редакцияда - Ақтөбе облысының әкімдігінің 08.08.2014 № 282 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | 2014 жылға субсидиялар көлемдері | |
|---|---|---|---|
| | | субсидияланатын көлем | субсидия сомасы, мың теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Етті бағыттағы мүйізді ірі қара малына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | бас | 5 000 | 100 000 |
| Тауарлы етті бағыттағы мүйізді ірі қара малына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | бас | 40 000 | 720 000 |
| Сүтті бағыттағы мүйізді ірі қара малына селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | бас | 2 307 | 46 140 |
| Қой шаруашылығында селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу | бас | 120 000 | 180 000 |
| Ет тұқымды бағыттағы аталық бұқаларды күтіп-бағу | бас | 1 480 | 153 920,0 |
| Жеке қосалқы шаруашылықтардағы аналық мал басын қолдан ұрықтандыру | бас | 10 000 | 50 000,0 |
| Ет өнімділігі бағыттағы мүйізді ірі қара мал төлдерін импорттау, оның ішінде: | бас | х | х |
| Австралия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерінен | бас | 1 627 | 325 400,0 |
| Асыл тұқымды мүйізді ірі қара малы | бас | 320 | 37 760,0 |
| Сүт өнімділігі бағыттағы мүйізді ірі қара мал төлдерін импорттау, оның ішінде: | бас | х | х |
| Ресей Федерациясынан, Беларусь Республикасынан және Украинадан | бас | 200 | 23 600,0 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Отандық тауар өндірушілерден асыл тұқымды мүйізді ірі қара мал төлдерін сатып алу, оның ішінде: | бас | х | х |
| отандық селекциядағы | бас | 4 150 | 639 100,0 |
| Асыл тұқымды төлдерді сатып алу, оның ішінде: | бас | х | х |
| қойлар | бас | 10 606 | 84 847,0 |
| жылқылар | бас | 513 | 20 520,0 |
| Барлығы: | х | х | 2 381 287,0 |

| | |
|---|---|
| | Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 83 қаулысымен бекітілген |

## Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

Ескерту. Субсидиялар көлемдері жаңа редакцияда - Ақтөбе облысының әкімдігінің 08.08.2014 № 282 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| № | Өнімдердің атауы | Өлшем бірлігі | 2014 жылға субсидиялар көлемдері | |
|---|---|---|---|---|
| | | | субсидияланатын көлем | субсидия сомасы, мың теңге |
| 1 | сиыр еті, оның ішінде: | тонна | 2 759 | 536 580 |
| | 1 деңгей | тонна | 2 005 | 441 100 |
| | 2 деңгей | тонна | 100 | 17 000 |
| | 3 деңгей | тонна | 654 | 78 480 |
| 2 | шошқа еті 1 деңгей | тонна | 6 120 | 599 760 |
| 3 | қой еті | тонна | 150 | 15 000 |
| 4 | жылқы еті | тонна | 300 | 27 600 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | сүт, оның ішінде: | тонна | 11 960 | 216 500 |
| | 1 деңгей | тонна | 6 460 | 161 500 |
| | 2 деңгей | тонна | 0 | 0 |
| | 3 деңгей | тонна | 5 500 | 55 000 |
| 6 | қымыз | тонна | 180 | 10 800 |
| 7 | құс еті 3 деңгей | тонна | 1 700 | 85 000 |
| 8 | шұбат | тонна | 48 | 2 640 |
| 9 | тағамдық жұмыртқа 1 деңгей | мың дана | 100 000 | 300 000 |
| 10 | бұқашықтарды субсидиялаудың 1 деңгейіндегі мал бордақылау алаңдарына өткізу | бас | 10 000 | 150 000 |
| | Барлығы: | х | х | 1 943 880 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК